

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Л.Н. ГУМИЛЕВ атындағы
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ
кұрылғанына 20 жыл толуына арналған
«ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІ МЕН ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТ: МӘСЕЛЕЛЕРІ,
ДАМУ ҮРДІСТЕРІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ
17 мамыр 2019 жыл, Нұр-Сұлтан қ.**

МАТЕРИАЛЫ СБОРНИКА

Международной научно-практической конференции
**«ПРАВОВАЯ СИСТЕМА И СОВРЕМЕННОЕ ГОСУДАРСТВО:
ПРОБЛЕМЫ, ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»**
посвященной 20 летию
**ЮРИДИЧЕСКОГО ФАКУЛЬТЕТА
ЕНУ имени Л.Н. ГУМИЛЕВА
17 мая 2019 года, г. Нур-Султан**

Нұр-Сұлтан, 2019

**ӘОЖ 342(063)
КБЖ 67. 4000.1
К18**

Редакциялық алқа:

Амандықова С.К., Ибрагимов Ж.И., Өмірзақов П.К., Хайрмуханмедов Н.И., Тлепина Ш.В., Нурмағамбетов А.М., Сембекова Б.Р., Мырзатаев Н.Д., Женисов С.К. Баймолдина С.М., Бердиярова Ж.С., Абаева Х.

Заң факультетінің құрылғанына 20 жыл толуына арналған «Құқық жүйесі мен заманауи мемлекет: мәселелері, даму үрдістері және келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы 17 мамыр 2019 жыл. Жалпы редакциясын басқарған: Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2019. – 687 бет.

ISBN 978-601-337-176-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің заң факультетінің құрылғанына 20 жыл толуына арналған «Құқық жүйесі мен заманауи мемлекет: мәселелері, даму үрдістері және келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы және құқықтық мемлекеттік: қоғамды жаңғырту және тұрақтылық, Қазақстан Республикасындағы азаматтық құқықтың дамуы мен қазыргі құрылу тенденциялары, қылмыстық сот төрелігі: заманауи заңдар жүйесіндегі дәстүрлер мен жаңалықтар, заманауи мемлекеттің жүйесінде өзгерістер енгізудің халықаралық құқығының ықпалы, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасындағы құқықтар туралы ғылыми мақалаларды қамтиды. Жинақ заңгер мамандарға және барша қауымға арналған. Барлық материалдар авторлардың баяндауында жарияланды.

ISBN 978-601-337-176-4

ӘОЖ 342(063)
КБЖ 67. 4000.1

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2019

**МАЗМУНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

СЕКЦИЯ 1 ПРАВОВОЕ ГОСУДАРСТВО: СТАБИЛЬНОСТЬ И ОБЩЕСТВЕННАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ		
Abdikarym S.	Legal issues of cyber security in the Republic of Kazakhstan	12
Chumakova A.V., Pletyago T. Y.	The Perspectives of Anti-Corruption Policy in Russian Higher	16
Oraz R.	European Court of Human Rights and Kazakhstan	18
Tortaeva A.E., Sadvokassov K., Sergaliyev D.	Meaning of corruption in Europe and USA	21
Tsoy K.R.	Comparative analysis of international educational standards in the system of higher education in England and the Republic of Kazakhstan	24
Zhanymbek Y.	«Anti-corruption model of Singapore: theoretical and legal aspect»	28
Айдарбеков Н.	ҚР сайлау жүйесін жетілдірудің кейбір жолдары мен мәселелері	31
Амандыкова С.К.	Трансформация вузов в некоммерческие организации	34
Амандыкова С.К., Жамбаев Е.С., Сакиева Р.С.	К вопросу о формировании конституционной идентичности республики казахстан в контексте формирования единой нации	46
Амандыкова С.К. Корпебаев Ж.	Некоторые аспекты цифровизации избирательного процесса в Республике Казахстан	51
Ахмет Б., Бажай Х.	Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетінің деффамациядан қорғалу тетіктері	53
Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.	Влияние международного права на изменения правовой системы в условиях интеграции	57
Баетова К.К.	Правовое регулирование религиозных браков в МЧП	60
Бажай Х., Ахмет Б	Қазақстан Республикасының билік органдары жүйесінде парламенттік институттың қалыптасуы	64
Байбутаев Ә.Ж.	Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың құқықтық негіздері	69
Байкова Е.А., Махмадинов Д.М.	Негативные последствия реализации вопросов социального обеспечения в Республике Казахстан	75
Бауыржан Жұлдыз Бауыржанқызы	Неприкосновенность внутреннего мира личности и её интересов	78
Бейшембиев Э.Ж.	Кыргызстан: защита личности в национальном и международном публичном праве	83

Болтаев А.Д.	Қазақстан Республикасы азаматтардың сайлау құқығын жүзеге асырудағы әлемдік тәжірибеде туындайтын өзекті мәселелер	86
Бусурманов Ж.Д.	Правовая система и современное государство: проблемы, тенденции и перспективы развития	89
Бырдин Е.Н.	Проблемы защиты прав детей в Российской Федерации и Республике Казахстан: сравнительный анализ	91
Дайрабаева Н.К.	Актуальные вопросы государственных закупок в рамках ЕАЭС	95
Дайрабаева Н.К.	Перспективы совершенствования финансово-правового регулирования в сфере государственных закупок Республики Казахстан	97
Енсебаева А.Р.	Нулевая терпимость к коррупции - основа правового государства	101
Есенбаев Б.	Қазақстан және шетел азаматтарының сайлау құқығы және оның негізгі аспектілері	105
Жаксыбекова Ф.С., Татебаева Г.С.	Авторлық құқықтарды қорғау ерекшеліктері	108
Жанузакова Л.Т.	О понятии «государственный орган» в теории и законодательстве	111
Женисов С.К., Мысыр О.Д.	Сыбайлас жемқорлықпен күрес – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе	115
Жуманова М.Х., Алдебаева Д.А.	Система законодательства социального обеспечения	116
Жуманова М.Х., Лукпан М.	Современные методы борьбы с коррупцией	121
Жунубаева М.М.	Банкротство «самозанятых» граждан в Российской Федерации	123
Ибрагимов Ж.И., Бұлақбаев М.	Кәсіби құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы конституциялық принциптер	125
Ибрагимов Ж.И., Жугралин С.А.	Механизм правовой защиты прав и свобод ребенка в Республике Казахстан и Российской Федерации	133
Ибрагимов Ж.И., Қырым Д.	Құқық үстемдігі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құқықтық мәдениетінің негізі	135
Ибрагимов Ж.И.	Қазіргі заманғы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін жетілдіру	139
Иванова Ж.Б.	Плагиат в модной индустрии: к вопросу о правовой защите творцов моды	144
Капсалям К.Ж., Капсалямова С.С.	Современные проблемы противодействия уголовным правонарушениям в сфере банковской деятельности	147
Капсалямова С.С., Буртебаева А.А.	Актуальные вопросы правового регулирования деятельности министерства финансов Республики Казахстан в условиях цифровизации	151
Каскабаева Т., Альмухамбетов Ж.Н.	Современное состояние сравнительного правоведения как учебной и научной дисциплины	155
Кусаинова Л.И.	Проблемы бедности в Республике Казахстан и куюго правовое регулирование	158

Мырзатаев Н.Д.	КР-дағы жоғары білім беру саласын құқықтық реттеудің теориясы мен тәжірибесі	162
Мырзатаев Н.Д., Сапарбекова Б.Е.	Педагог мәртебесін құқықтық қорғау – адам капиталының негізі	167
Орманова Ш.Ш., Алибеков А.А.	Элементы функционального анализа деятельности акимов сельских территорий	173
Орманова Ш.Ш., Алибеков А.А.	Факторы, влияющие на эффективность управленческой деятельности в системе местного государственного управления и самоуправления	177
Оспанова А.Н.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сананы қалыптастыру	181
Рахимбаев Е.Н.	Генезис судебной системы Кыргызской Республики: проблемы. поиски, решения	185
Сагыналиева В.Ж., Темирбекова М.Л.	Предконституционное развитие досоветского Кыргызстана	191
Садуақасова А.А.	Билікті бөлу идеясын дамытудың негізгі кезеңдері және оны әлем елдерінің конституцияларында бекіту	194
Сәтілда А.Ш., Османова Д.Б.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін нығайту мәселелері	198
Сәулен Н.	Заң шығару және атқарушы билік органдарының өзара қарым-қатынасының мәселелері	200
Сивухова В.В., Тохтарова Т.С.	Мир без конфликтов!	204
Сивухова В.В.	Соотношение международного и внутригосударственного права: взаимодействие, автономное сосуществование	207
Смағұлов А.А., Смағұлова Р.А.	Қазақ қоғамындағы азаматтық құқықтық қатынастардың объектілері	211
Смағұлов А.А.	Шариат және қазақ әдет - ғұрып заңдарындағы адам құқықтары мен бостандықтарының өзара үндестігі	216
Смағұлова А.С., Смағұлов А.А.	Әдет-ғұрып заңдарындағы азаматтық қатынас түрлерін құқықтық реттеу аспектілері	220
Смағұлова А.С., Кусаинова Л.И.	Дәстүрлі құқықтың өркениеттілік идеяларының қазіргі қоғамды қалыптастырудағы өзектілігі	225
Стангалиева Г.С.	Нормотворческий процесс в государственном управлении: проблемы и перспективы	228
Тилоева А.М.	Понятие и условия привлечения несовершеннолетних к административной ответственности	231
Тилоева А.М.	Возраст несовершеннолетнего, как особенность административно-правового статуса субъекта административного правонарушения	236
Хайрмуханмедов Н.И.	Қазақстандағы жоғары оқу орындарында эндаумент қорларын құрудың мәселелері	239
Юсупов У.Д.	Правовые аспекты экологического состояния и рационального использования водных ресурсов в Кыргызской Республике	244
Яцек Залесны	Тенденции развития конституционного правосудия в странах Восточной Европы, как выражение спора права	251

	и политики	
СЕКЦИЯ 2 «СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ ГРАЖДАНСКИХ ПРАВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН»		
Nurmagambetov A.M.	Issues on the eeu labor legislation harmonization.	255
Абдираймова А.	Проблемы правового регулирования агропромышленного комплекса Республики Казахстан.	261
Алиева Л. Р.	К вопросу становления института исполнительного производства в гражданском процессе Республики Казахстан	264
Бердиярова Ж. С., Совет Д. Қ.	Қызметкерлердің еңбектік құқықтары және оны қорғаудың қажеттілігі	267
Дарменова Д.Б.	Повышение эффективности взаимодействия государственных органов с неправительственными организациями	270
Жусипова Б.А.	Жер қатынастары субъектілерінің құқықтық мәртебесі	274
Калтаева А. Т.	Міндетті медициналық сақтандырудың құқықтық реттелуі	278
Кенес А.К.	Значение и роль инвестиций в развитии экономики	279
Кусаинова Л. И., Смағұлова А. С.	Қазақ қоғамындағы сауда қатынастарының даму эволюциясы	281
Лейтане А. З.	Трудовое право Латвии и Казахстана	284
Марат Н.М., Оразалиев К.О.	Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті стандарттау саласының құқықтық реттелуі	291
Нургалиева Е.Н.	Проблемы правовой защиты социально-уязвимых слоев населения	299
Нұғыманов Е.Е.	Қазақстан Республикасында жер пайдалану құқығының түсінігі және оның түрлері	303
Омарова Э.Б.	Правовое регулирование переводов на другую работу	305
Омарова Э.Б.	Международное регулирование безопасности и охраны труда	308
Омарова Б.А.	Еңбек құқықтарын бұзылудан қорғауды қамтамасыз ететін заңдық кепілдіктер	311
Өмірзақов П.К.	Корпорацияның жарғылық капиталының құқықтық табиғаты	314
Сабырбек Ш. М.	Тендерлік қатынастарды сыбайлас жемқорлықсыз ұйымдастыру, шетелдік тәжірибе	317
Сабырбек Ш.М.	Загрязнение реки Урал: виды решение данной проблемы	320
Сактаганова И.С.	Функции гражданско-правовой ответственности	321
Смағұлов А.А., Смағұлова Р.А.	Қазақ қоғамындағы азаматтық-құқықтық қатынастардың объектілері	328

Хасенов М.Х.	О судебной практике по трудовым спорам: проблемы и решения	332
СЕКЦИЯ 3 УГОЛОВНОЕ ПРАВОСУДИЕ: ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ В СИСТЕМЕ СОВРЕМЕННОГО ПРАВА		
Ахпанов А.Н.	Актуальные вопросы теории и практики Казахстанского уголовного процесса	336
Акимжанов Т. К.	О превенции уголовного законодательства Республики Казахстан	340
Балтабаев К. Ж., Татиков Р.У.	Проблема альтернативы лишению свободы по системе наказаний в уголовном кодексе Республики Казахстан	344
Казиканов Т. Т.	О совершенствовании понятия оперативно-розыскной деятельности	347
Ким К. В.	Обвинение в структуре принципа состязательности	351
Сартаева Н.А.	уголовно-исполнительное законодательство Республики Казахстан: современное состояние и перспективы совершенствования	354
Сембекова Б.Р.	Оперативно-розыскная деятельность в противодействии терроризму и экстремизму	358
Скаков А.Б.	Предупреждение экстремистских проявлений среди несовершеннолетних и молодежи Казахстана	362
Сматлаев Б.М., Казбек Ж.А.	Практические аспекты реализации противодействия коррупции для государственных и муниципальных служащих Казахстана и России	368
Баймолдина С.М.	Уголовная ответственность за воспрепятствование предпринимательской деятельности в Республике Казахстан	374
Бырдин Е. Н.	Проблемы защиты прав детей в российской федерации и Республике Казахстан: сравнительный анализ	378
Верченко Н. И.	Основания классификации преступного насилия (на примерах правоприменительной практики)	381
Кабакова О.В.	Правовая культура в мировом правовом и информационном пространстве	385
Мергембаева Н.Б.	Использование специальных знаний при расследованиях террористических актов	388
Монгуш А.С.	Историко-правовой анализ проблемы скотокрадства в Республике Тыва	391
Муратханова М.Б., Мұқаметқазінов А.С.	Қазақстан Республикасының киберқылмыстылық саласындағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар	395
Ашимова Э.А.	Self-determined liability problems for suicide issues	398
Ашимова Э.А.	Кәмететке толмағандар арасындағы қылмыстылықты жоюдың құқықтық және әлеуметтік аспектілері	402
Балгынтаев А. О.	Согласительное и приказное производство В уголовном процессе Казахстана»	408
Нурлұмбаева Л. Е.	Прикладные вопросы расследования и рассмотрения уголовных дел в порядке приказного производства	413
Тулепенов Ж.К., Какимов А.Ж	Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатудың кейбір ерекшеліктері	416

Абенова Д. К.	О доступе задержанного подозреваемого к уголовному правосудию	419
Абдулла А. Б.	Организационно-правовые основы обеспечения информационной безопасности	423
Айнабекова М. Б.	Правовое регулирование противодействия терроризму в Республике Казахстан	426
Ануарова К. А.	Виктимологическая характеристика жертв от половых преступлений	430
Аширбек А. Ж.	Уголовная ответственность в налоговых правонарушениях	434
Балтабай М. Б.	Компенсация морального вреда в уголовном процессе: теоретические и историко-правовые аспекты	437
Давидовская В.А.	Институт наказания по уголовному законодательству стран романо-германской правовой семьи: сравнительный анализ	442
Дарменова Д.Б.	Повышение эффективности взаимодействия государственных органов с неправительственными организациями	446
Досанов М.У.	Салықтық қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы мәселесі туралы	450
Есет А.М.	Теория и практика исправительного воздействия и ресоциализации лиц, осужденных к лишению свободы	453
Кетепова С. Г.	История развития института приказного производства в Республике Казахстан и зарубежных странах	455
Кубенова Ш.А.	Уголовная ответственность за неисполнение обязанностей по воспитанию несовершеннолетнего	459
Khasseanova A.R.	Problems of determining the subject of bribery under the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan	463
Пахритдинова А.Ш.	Уголовно-правовая характеристика правонарушений в сфере информатизации и связи	466
Sembay G. B.	Procedural bases of house arrest in criminal proceedings	468
Сулейменова М.К.	Организация террористической деятельности: уголовно-правовые и криминологические аспекты	474
Қожахмет А. Қ.	Қылмыстық сот ісін жүргізуде куәгерлік иммунитеттің түсінігі, мәні және маңызы	476
Сиубаева Н. Ж.	Медициналық қылмыстық құқықбұзушылық субъектісінің ерекшеліктері	480
Феткулов А. Х., Каржасова Г.Б., Орынбеков А. С.	Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастық	482
Исмагулов К.Е., Кажмуратова Д.С.	«Совершенствование уголовного законодательства, направленного на противодействие уголовным правонарушениям в сфере экономической деятельности»	486
Абулкаирова А.М.	Экстремизм как неотъемлемый элемент терроризма	490
Байзакова Р.Б., Бекбергенова А.К.	Особенности судебной реформы в Республике Казахстан	494
Исабекова А. Н.	Некоторые проблемы и перспективы развития уголовно - правового регулирования преступлений экономической направленности	498

Сабырбек Ш. М.	Қылмысқа айдап салушылықтың өзектілігі мен негіздері	501
Сокур А. С.	Незаконное перемещение стратегически важных товаров и ресурсов через таможенную границу в рамках евразийского экономического союза	505
СЕКЦИЯ 4 ВЛИЯНИЕ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА НА ИЗМЕНЕНИЯ В СИСТЕМЕ СОВРЕМЕННОГО ГОСУДАРСТВА		
Kulnazarova D.	Extrajudicial resolution of labour disputes in the digitized world	509
Suleimanova I.	Convention on the rights of the child as the main guarantor of state cooperation in the protection of the rights of minors	512
Абаева Х.А.	Принцип долгосрочной устойчивости в сфере коммерческой космической деятельности	516
Абдакимова Д.А.	Правовое регулирование статуса педагога в международном праве и законодательстве зарубежных стран	519
Абенов М.С.	Развитие экономической деятельности Республики Разахстан в условиях интеграции	523
Акпарова Р.Н.	Применение норм международных договоров В уголовном процессе Республики Казахстан	527
Актаева А.Р.	Влияние международного права на национальное законодательство республики казахстан	538
Алпысбаева Ю.А.	Предпосылки и история создания евразийской экономической комиссии	541
Ахметова М.Х.	Международное правовое регулирование мультимодальных перевозок	544
Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.	Влияние международного права на изменения правовой системы в условиях интеграции	551
Баймолдинова Е.Т.	Международно-правовое регулирование генной инженерии	554
Бектасова Д.Б.	Соответствие национального законодательства международным стандартам по отправлению правосудия в отношении несовершеннолетних	557
Бырдин Е.Н.	Проблемы защиты прав детей в Российской Федерации и Республике Казахстан: Сравнительный анализ	561
Дуйсенбаева К.И.	Механизм разрешения споров в рамках ВТО	564
Дьяконова А.А., Рахматуллина О.В.	Система источников правового регулирования международного научно-технического сотрудничества в условиях евразийской экономической интеграции: на примере Республики Казахстан	568
Елеубекова Н.Е., Шаймуханов А.Д.	Кеден ісі саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың нысаны ретіндегі еуразиялық экономикалық одақтың қызмет етуінің кейбір мәселелері	572
Есиркепова М.М.	Еңбек нарығындағы халықаралық гендерлік теңдік және казахстандағы әйелдердің құқықтық жағдайы	575

Жуманова Н.К.	Концепция международного «мягкого права» в международно-правовой доктрине	580
Жуматаев С.	Имплементация международного гуманитарного права	584
Жуматаев С.	Проблемы определения внутреннего вооруженного конфликта в международном гуманитарном праве	588
Жумашева Н. Ж.	Экономикалық интеграцияның өркендеуі кезінде еуразиялық экономикалық одақта миграциялық жағдайдың дамуы	592
Зукай Ж.	ШЫҰ аясында Қазақстан мен Қытайдың білім және мәдениет саласындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастығы	594
Зязикова Е.М.	Государственный иммунитет и его применение в практике	598
Иманбаев С.М., Батырова С.Б.	Санкции в международном праве	601
Кайратов М.	Space exploration technologies corporation: История компании	604
Карабаев Ф.Ж.	Қылмыстық істер бойынша құқықтық көрсету институтының кейбір пікірталас сұрақтары	607
Қаражан Б.С.	Қазақстан Республикасы мен мұнай экспорттаушы елдер ұйымы арасындағы халықаралық құқықтық қарым-қатынас	609
Костяная Ю.С.	Понятие и место информационной безопасности в системе общей безопасности стран-участниц ЕАЭС	614
Мадмарова А.Д.	Пиратство в международном морском праве	618
Макашева Д.	Правовое регулирование международных перевозок в Республике Казахстан	622
Максым Г.Е.	Спор за залив нутка	624
Ныгметуллинова Д.Е.	Вопросы понятия и сущности общих принципов международного уголовного права	627
Огланов К.Э.	Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесінің қалыптасуы кезеңдері	631
Ойнарова А.А.	Техническое регулирование – важный инструмент развития торговли в рамках Евразийского Экономического Союза	635
Оленина Т.Ю.	К вопросу о понятии модельных лесов канады и россии	638
Резинкин А.Ю.	Правовое регулирование международного научно-технического сотрудничества России и Узбекистана	641
Реш Р.В.	Вопросы ответственности международных организаций	644

Сарсенова С.Н.	Международно-правовое содержание экономической интеграции Китая и Казахстана	646
Сарсембаев М.А.	Текущие проблемы теории и практики международных договоров Казахстана	650
Серикова И.Е.	Меры ответственности за нарушение таможенных правил	654
Серік Л.С.	Правовые основы технологической модернизации ЕАЭС В контексте целей устойчивого развития	657
Серік Л.С.	Сравнительный анализ международно-правовых документов по борьбе с изменением климата: киотский протокол и парижское соглашение	660
Турмахан А.Б.	Международно-правовое регулирование мирного использования ядерной энергии в Республике Казахстан	662
Файзулла Д.М.	Военное использование космоса в интересах международной безопасности	665
Филатова Е.И.	Правовое регулирование авторского права стран-участниц Европейского Союза.	668

3. Арбитражный процессуальный кодекс Российской Федерации от 24 июля 2002 № 95-ФЗ: с изм. от 25 декабря 2018 г. // Собрание законодательства РФ. 2002. №30. Ст. 3012.
4. Коркушко, М.В. Закон о банкротстве физических лиц и его особенности / М.В. Коркушко // Сборник публикаций научного журнала "Globus", по материалам III международной научно-практической конференции «Достижения и проблемы современной науки» г. Санкт-Петербурга: сборник со статьями (уровень стандарта, академический уровень). - С-П. : Научный журнал "Globus", 2015. - С 31-32.
5. О проведении эксперимента по установлению специального налогового режима "Налог на профессиональный доход" в городе федерального значения Москве, в Московской и Калужской областях, а также в Республике Татарстан (Татарстан): Федеральные законы от 27 ноября 2018 № 422-ФЗ // Собрание законодательства РФ. 2018. №49 (часть I). Ст. 7494.
6. Для самозанятых включился налоговый режим// Коммерсантъ [сайт] - URL: <https://www.kommersant.ru/doc/3906750> (дата обращения 06.05.2019).

КӘСІБИ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕР

Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы

zhamaladen@mail.ru

Бұлақбаев Манас

«Құқықтану» мамандығының 2 курс магистранты

Bulakbaev@mail.ru

Қазіргі заманғы есеп беруші мемлекетте кәсіби құқықтық мәдениеті жоғары мемлекеттік қызметшілердің атқаратын ролі зор. Өйткені есеп беруші мемлекетте сапалы мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды адамдардың құқықты санасының арқасында көптеген мәселелер өз шешімін тиімді табады. Осы орайда шет елдердің тәжірибесіне сүйене отырып мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құқықтық мәдениетін жетілдіру жолдарын іздеу қажет. Жалпы құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті одан әрі дамытуда конституциялық принциптердің маңызы үлкен. Сол конституциялық қағидаттар арқылы құқықтық дамудың, есеп беруші мемлекеттің лауазымды адамдарының құқықтық мәдениетінің сапасын одан әрі көтеруге болады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Оның ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген. Бұл – үлкен бір негіз. Барлық заңдар осыдан шығады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты ретінде біздер қандай заң келмесін, осы конституциялық принциптерге сай ма, сай емес пе деген талдаулардан кейін барып талқылаймыз [1, 4 б].

Құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыруда Конституцияның басқа Заңдармен арақатынасын анықтау үшін біз төрт сатыны қарастыруды жөн көрдік. Ең біріншіден, біздің еліміздің Ата заңымыздың бастауларын анықтау, оның қандай Заңдардан бастау алатынын; екіншіден, біздің Конституциямыздың басқа елдердің заңдарымен арақатынасын; үшіншіден, Конституцияның Қазақстан Республикасы Елбасының жарлықтары мен стратегияларында көрінісі; төртіншіден, Нзаңның мемлекетіміздегі ең жоғарғы заңдық күшін қарастыру.

Бірінші сатыға келетін болсақ, ел тарихында бес Конституция болған, соның ішінде қазіргі қолданыстағы 1995 жылғы Конституция. Бұған дейінгі қолданылған Конституциялар 1926, 1937, 1978 және 1993 жылдары қабылданды. 1995 жылғы Конституцияны қабылданғаннан бастап елдің жаңа даму кезеңі басталды.

Оны қабылдауының нәтижесінде демократиялық институттар жұмыс істеуіне қажетті негізгі жүйе іске асырылды, ол тежемелер мен теңдік сақтау жүйесі. Жаңа конституцияларға енгізілген барлық өзгерістер көбінесе өзгешеліктерден тұратын.

Алайда 1917-1919 жылдары қолданыста болған Алаш үкіметінің бағдарламалық құжаттарындағы атазаңдығы кеңестік барлық конституциялардан шынайы ұғымға ие болды.

Алаштың бағдарламасында Ресей демократиялық Федеративті Республика болуы тиіс, сол кезде оның құрамына Қазақстан кірген, әр бөлек мемлекет автономды және біркелкі құқықта өзін-өзі басқарады деп анық тұжырымдалған. Заң шығарушы билікті мемлекеттік дума арқылы жүзеге асыруға жоспарланған, президент институты құрылып жатты.

1926 жылы қабылданған бірінші қазақстандық Конституцияда декларациядан ешқандай өзгешілігі болған жоқ. Ол мазмұны және нысанымен РКФСР Конституциясына сәйкес келіп, декларацияның барлық ережелерін енгізген болатын. Қазақстан Кеңес Федерациясының тура субъектісінің мәртебесін алса да, нақты, заңды түрде де тәуелсіздігімен атазаңдығына ие болған жоқ.

Қазақстанның өз мемлекеттік егемендігін нақты жүзеге асыруы Республикалық Жоғары Кеңесімен 1990 жылы 25 қазанда қабылданған тарихи үлкен маңыздылығы бар құжаты - Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясынан басталады.

Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның тарихи маңызы республиканың мемлекеттік егемендігіне нақты мазмұнын бергені, көп ғасырлық тарихы, мәдениеті мен қалыптасқан мемлекеттік-құқықтық дәстүрлері бар Қазақстанның өз мемлекеттігін белгіледі.

Декларация Қазақстан Республикасының егеменді мемлекетінің мәртебесін іске асырған елдің жаңа Конституциясы мен басқа да заңнамалық кесімдер әзірлеуге негіз болды.

1991 жылы 16 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңды, 1993 жылғы Қазақстан Конституцияны және қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Ата заңды қабылдауымен тәуелсіздік мемлекет ретінде біздің еліміздің конституциялық ресімдеуінің қалыптасуы аяқталды [2, 1-2 б].

1995 жылғы Конституцияның Қазақстан аумағында қолданылған 1924, 1936, 1978, 1993 жылдардағы Конституциялардан қандай артықшылықтары мен ерекшеліктері бар еді деген мәселеге келсек, біріншіден, заң шығарушы, атқарушы, сот билігін белгілеп, олардың құзыретін, жұмыс істеу тетігін, өзара іс-қимыл бірлігін заң тұрғысынан айқындап берді; екіншіден, өкімет билігінің аталған тармақтарға бөлінуі мемлекеттің лауазымды адамдарының азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзуына жол бермейді; үшіншіден, бұл Конституцияда құқық пен жауапкершілік ұғымдары пара-пар көрсетілген. Осы Конституцияда бұрынғы Конституцияларда шешімін таппаған мемлекеттіліктің мәні, жер, тіл, азаматтық, Парламенттің қос палаталы жүйесі, Президенттің құзыры, сот төрелігінің қызметі сияқты күрделі мәселелер заңдық тұрғысынан өз шешімін тапқан [3, 4-5 б].

Екінші мәселе, Ата заңымыздың басқа мемлекеттердің заңдарымен байланысы. Қазақстан Республикасы Конституциясының Франция Конституциясына ұқсас тұстары өте көп. Дегенмен де, еліміздің жаңа Конституциясын дайындау барысында қазақ елінің өткен тарихтағы дәстүрлерінің көрініп тұратын болуы да ұмыт қалған жоқ. Елбасы Н.Назарбаев енгізген қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу принциптері ұзақ талас пікірлерден кейін жобаға енгізілді.

Аталған принциптердің ішінде Қытай халқының қоғамдық қайраткері және саяси ойшылы Сунь Ятсеннің XX ғасырдың басында ұсынған «халықтық үш принцип» идеяларына ұқсайтындары бар. Оларды атап айтар болсақ — қазақстандық патриотизм, саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім, халық игілігі үшін жасалатын экономикалық реформалар. Бұл принциптер Конституцияның халық алдындағы рухын көтеріп ғана қоймайды, Ата

Заңның барлық нормаларының осы принциптерге сәйкес келуі қажеттігін де ұғындырады [4, 3 б].

Сонымен қатар біздің Конституциямыздағы адам және азамат құқықтарына көңіл бөлгіміз келеді. Осы құқықтарды қарастыра отырып біз Конституциямыздың дүниежүзілік маңызы бар құжаттармен байланысына назар аудардық. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық ретінде мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды тұлғаларының өктемдігінің жолында тосқауыл болуға, мемлекеттің қоғамды шексіз билеп-төстеуіне кедергі қоюға тиіс.

Адамның құқықтары – бүкіл адамзаттың ажырамас, бөлінбес игілігі. Бұл дүниеде қандай да оқиғалар мен әрекеттер орын алмасын, қандай да ғылыми жаңалықтар ашылмасын, олар адамның жағдайына, оның құқықтары мен бостандықтарына жағымсыз әсер етпеуге тиіс. Қоғамдық процестердің дамуында құндылық бағдар адам құқықтарын ұлағаттаған дүниежүзілік және ұлттық дамудың барлық процестерін адаммен өлшеудің мәні осында.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап көптеген мемлекеттер жалпы адамзаттық құндылықтардың, либералдық-демократиялық идеялардың ықпалымен адам құқықтарын қорғауды көздейтін құқықтық, әлеуметтік, демократиялық мемлекет принциптерінен бағдар алды. Адам құқықтарын жан-жақтылау процесіндегі мына төмендегідей аса маңызды кезеңдерді атап өту қажет. 1948 жылдың 10 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымы негізгі құқық қорғаушы құжат – Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қабылдады. Адам құқықтарын қорғауда 1975 жылы Хельсинки және 1989 жылы Вена келісімдері де маңызды құжаттар болды.

Конституцияда адамның құқықтары мен бостандықтарының үлкен тізімі бекітілген [5, 21-27 б.]. Бұл арада ҚР Конституциясында адамның құқықтары мен бостандықтарының адам құқықтарының халықаралық стандарттарынан бастау алып, бекітілуінің аса маңызды факт екенін атап өткен жөн.

Үшінші мәселе, Конституцияның Қазақстан Республикасы Елбасының жарлықтары мен стратегияларында көрініс табуы. Осы мәселені қарамастан бұрын, біз мемлекетіміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзіне көңіл бөлгіміз келеді: «Еліміздің Ата заңы «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы» деп басталатынын білесіздер. Конституциямыз – қабылданған күннен бастап, тағдыр тоғыстырған көпұлтты халқымыздың татулығы мен тұрақтылығына тұғыр болып келеді. Біз Ата заңға сүйене отырып қазақ мемлекеттігінің іргесін бекіттік, дамудың даңғылына түстік. Азат елдің ар-намысындай болған Ата заңымыз қазақтың ұлан-байтақ даласының кеңдігін де, елінің ерлігі мен өрлігін де бойына сыйғызған құдірет. Тәуелсіз елдің мызғымас тұғырына айналған Ата заң елдігіміздің киелі кітабы іспетті қастерлі құжат. Халықтың жүрегінен шыққан, заман сынына қапысыз төтеп берген мемлекеттігіміздің темірқазығы. Ата заңымыз қазақ мемлекетінің дамылсыз дамуына, үздіксіз өсуіне кепіл болған барша заңдарымыздың қайнар көзі, бастау бұлағы. Қазақтың: «Заңын құрметтей білген, заңына бағына білген ел ғана озады», - деген дана сөзі бар. Біз елдігіміздің тұғыры – Ата заңымызды құрмет тұтып, оның әрбір әрпі өмірлік заңымызға айналуын қадағалап келеміз. Соның нәтижесінде асқар асулар мен биік белестерді бағындырдық, еңселі елге айналдық. Кешегі тарихтан тамыр алған, ертеңгі тарихқа тұғыр болған Ата заңымыз салтанат құрып тұрғанда еліміз толағай табыстарға бөлене бермек. Ұлы бабамыз Төле би «Халқы заңын сыйлаған елдің бағы бір мысқал артық» деген. Біз ықылым замандардан ата заңына бағына білген, ата заңын құрметтей білген елдің ұрпағымыз. Ата-бабаларымыз дала заңдарының білгірлері – билеріміздің билігіне сөзсіз бағынған. Тарихтан тағылым алған бүгінгі буын да игі дәстүрді жалғап, ұрпақ сабақтастығын үзген емес. Тәуелсіздігіміздің тірегі, мемлекеттігіміздің жүрегі болған Ата заңымыз мәңгілік болсын!» [6, 1 б].

Біздің ойымызша, Елбасының осы айтқан сөздері Ата заңымыздың Қазақстан Республикасында мәртебесі биіктігін, мемлекеттегі оның рөлін айқындайды, яғни

Конституциямызға назар аудара отырып, оның біздің елдегі барлық қатынастардың реттеушісі, Негізгі заңы екендігін ұғындырады.

Сонымен қатар, Ата заңымыздың барлық заңдардың негізгі қайнары, стратегиялар мен жарлықтардың маңыздысы. Енді нақты мысалдарға келетін болсақ, Конституциямыздың рөлі ҚР Президентінің келесі жарлықтары мен стратегияларында орын тапқан.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру мақсатында және "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңында былай жазылған: «Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әлеуметтік мемлекет құру қоғамдық дамудың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Елдің әлеуметтік дамуы тұтасымен мемлекеттің заңдарда белгіленген әлеуметтік функцияларын іске асыру сапасына байланысты».

Ал, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары» Конституцияның Негізгі заң ретіндегі қызметін, оның еліміздегі басқа салалар мен заңдармен арақатынасын былай белгілейді: «Адам мен қоғамның қауіпсіздігі, азаматтардың конституциялық құқықтарының мүлтіксіз сақталуы қамтамасыз етіледі» делінген. Отандық құқықтық жүйені жаңғыртудың тұжырымды ұстанымдары және оның 2020 жылға дейінгі дамуының негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында айқындалған. Заңнаманы және норма шығаруды жетілдіру: Мыналар заңнаманы және норма шығаруды жетілдірудің негізгі бағыттары болады: Қазақстанның заңнамалық базасының тұрақтылығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, оның сапасын арттыру және ескірген және қайталайтын нормаларды алып тастау, құқықтық реттеудегі олқылықтарды жою және сілтеме нормаларды азайту, тікелей қолданылатын заңдарды қабылдау практикасын кеңейту арқылы жүйелеу; нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге тәуелсіз сарапшыларды, үкіметтік емес сектордың өкілдерін кеңірек тарту, осы саладағы озық білімдерді пайдалана отырып, салалық ғылыми сараптамаларды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу негізінде норма түзушілік процесіндегі кәсібилікті күшейту. Құқықтық мәдениет және азаматтардың білікті заң көмегіне қолжетімділігі: Құқықтық мәдениеттің жоғары болуы азаматтардың құқықтық бағдарлануын қамтамасыз етеді және кез келген заңдылық бұзушылықтарға, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына төзбеуін қалыптастырады. Ол, ең алдымен, халықтың құқықтық санасын дамыту деңгейіне байланысты. Азаматтардың құқықтық санасының деңгейін арттыру үшін мемлекеттің негізгі күш-жігері құқықтық насихатты (қоғамдық заң білімін жандандыру) кеңейтуге және азаматтық қоғамның тиімді институттарын дамытуға бағытталады. Қазақстандық қоғамның жоғары құқықтық мәдениетін қалыптастыру шеңберінде адвокаттардың, сот және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби мәдениетінің деңгейін арттыруға, олардың сапалы кәсіби даярлығына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл ретте таяудағы онжылдықта мемлекет халықтың білікті заң көмегіне қол жеткізуін кеңейту үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды».

Осы жарлықтарды мысалға келтіру себебіміз, бұл мақалада біз тұжырымдаманың негізгі бағыттары болып саналатын конституциялық құқық пен мемлекетіміздегі Елбасымыздың жарлықтары мен стратегияларымен қатысты ой бөлісуді мақсат етіп отырмыз.

Жалпы алғанда, қандай да заңнамалық жетілдіру болмасын, ол мемлекеттің негізгі заңы – Конституцияның ең жоғарғы заңдық күші бар және республикалық бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады [7, 5 б]. Басталған либералдық реформаларға табысты болуды қамтамасыз ететін әрі қоғамдық және мемлекеттік мүдделердің жаңа тепе-теңдігіне, Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде мемлекеттік құрылыста тежемелік пен тепе-теңдіктің жаңа жүйесінің қалыптасуына жеткізуді қамтамасыз ететін заңнамалық негізді жасау қажет болды [8]. Сондықтан елдегі саяси тұрақтылық пен экономикалық қарқындау себептері мүмкіндік бере отырып, азаматтық қоғам институттарының одан әрі жетілуі мен құқықтық

мемлекет құрылымының жаңа кезеңінде қызмет етеді деген мақсатпен 2007 жылдың мамыр айында Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Осы Конституциялық реформаның нәтижесінде Президент, Парламент, Үкімет, Сот төрелігі және тағы да басқа маңызды мәселелерді реттейтін бірқатар заңнамаларды жетілдіру қажеттігі туындады. Атап айтқанда, мәжіліс депутаттарының саны мен сайлану тәртібіне, кейбір лауазымды тұлғаларды сайлау және тағайындау тәртібіне, фракция ұғымына, оның атқаратын рөліне, Сенат депутаттарының заңды қабылдау рәсіміне қатысты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын [9]. ҚР Үкіметіне қатысты оны коллегиялық орган ретінде бекіту, оның Парламент және Парламент Мәжілісі алдындағы жауапкершілігін белгілеу, кейбір министрліктер бойынша министрдің кандидатурасын ұсыну бойынша Премьер-Министрдің өкілеттігін алып тастау сияқты өзгертулер орын алды [10].

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін республикалық референдумда талқылау тәртібі мен негізі туралы тиісті өзгеріс «Республикалық референдум туралы» ҚР Конституциялық Заңына енгізілді [11]. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінде қамауға алу, үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заң бойынша қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру өкілеттігі соттарға берілді [12]. Құқықтық дамудың негізгі бағыттары көзделген, қоғамның өсуінің қазіргі заманғы үрдістеріне, жинақталған тәжірибеге және алыс перспективалары туралы ғылыми негізделген, іргелі ұсынымдарға сүйенген бірыңғай ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) қабылданды. Бүгінгі күні Тұжырымдаманы әр түрлі деңгейде талқылау мен қатар іске асыру бағытында қарқынды жұмыстар басталып кетті [13, 53-57 б].

Аталған тұжырымдамада Ұлттық құқықты дамытудың негізгі бағыттары көрсетілген: «Қазақстан Республикасы Конституциясының мемлекеттің заңнамалық, ұйымдастырушылық және басқа да шараларымен жүзеге асуы тиіс құқықтық идеялары мен принциптерін одан әрі іске асыру қажет.

Мемлекеттік және қоғамдық институттардың күш-жігері елдің Негізгі заңының барлық конституциялық айқындамаларда қамтылған жасампаз әлеуетінің жүзеге асырылуы төңірегінде шоғырлануы тиіс.

Заңнаманы жетілдіру процесінде және құқық қолдану қызметі барысында Конституцияның үстемдік принциптерін және төменгі деңгейдегі актілердің жоғары деңгейдегі актілердің нормаларына сәйкестігін бұлжытпай сақтау қажет.

Елдегі заңдылық режимін және құқықтық жүйенің тұрақтылығын да, сонымен қоса қолданыстағы Конституция шеңберінде ұлттық құқықтың қарышты дамуын да қамтамасыз ететін жүйелі шаралар қажет. Құқықтық саясатқа кешенді көзқарас барлық нормативтік-құқықтық базаны мемлекет дамуының жалпы стратегиясы тұрғысында, оның ішінде нәтижелілік, ашықтық және есептілік принциптерінде, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ететін мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа моделін жасау жөнінен жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Ұлттық құқықтық жүйенің негізі конституциялық құқық болып табылады. Оның қарыштап дамуы 2007 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде елеулі түрде жаңарған Қазақстанның қолданыстағы Конституцияның принциптері мен нормаларына сүйенеді.

Еліміздің Негізгі заңында көрініс тапқан идеялар мен принциптер ұлттық құқықтық жүйенің негізгі бағыттары мен даму тетіктерін, оның ішінде конституциялық құқықты ұзақ мерзімді перспективада айқындайды. Яғни Конституцияның принциптері мен нормаларын, ең алдымен, мемлекеттік билік органдары мен оның лауазымды адамдарының қызметінде толыққанды іске асыру, бұл ретте Конституцияны тікелей қолданумен қатар ағымдағы

заңнама және құқық қолдану арқылы оның әлеуетін қамтамасыз ету маңызды міндет болып табылады.

Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының негізі, мемлекеттің егемендігі мен бір тұтастығы конституциялық заңнаманы және оны қолдану практикасын жетілдіру арқылы нығаятын болады. Конституциялық құқықты дамыту перспективалары мемлекеттің құрылымын, мемлекеттік биліктің бір тұтастығын, оның тармақтарының жұмыс істеу тетіктерін және Қазақстан Республикасының бүкіл халықтық сайланған Президенті тарапынан стратегиялық басшылықпен, бақылаумен және төрелікпен олардың өзара іс-қимылын анықтайтын қолданыстағы конституциялық заңдарды жетілдірумен байланысты.

Конституциялық заңдылық режимін, Конституцияның принциптері мен нормаларын нақты түсіндіру, ұлттық құқық пен құқық қолдану практикасын дамыту бағдарын қалыптастыруды қамтамасыз етудің маңызды тетіктерінің бірі Конституциялық Кеңес қызметінің тиімділігін арттыру және мемлекеттің құқықтық саясатында оның нормативтік қаулыларын толығымен іс жүзіне асыру болып табылады.

Елде құқықтық мемлекет принциптерін одан әрі бекіту процесінде, бір жағынан, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың ең жоғары ықтимал кепілдігіне қол жеткізу, ал екінші жағынан барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, азаматтар мен ұйымдардың конституциялық міндеттерді бұлжытпай және толық орындауы маңызды».

Жоғарыда айтылғандарды түйіндесек, осы қызмет және оның құқықтық реттелуі тұтас алғанда кепілді сөз бостандығына адамның жеке өміріне, жеке және отбасылық құпияларына қол сұғылмауына конституциялық құқықтарының сақталуын, сондай-ақ мемлекеттік құпиялар туралы заңнама талаптарының сақталуын ескере отырып, заңда тыйым салынған тәселдермен кез келген ақпаратты еркін алуға және таратуға бағытталуы тиіс. Тұжырымдаманың саяси новеллаларын табысты іске асыру қоғамның барлық мүшелелерінің заңнама талаптарын орындауға және жауапкершілік қатынасын талап ететінін атап өткім келеді. Өйткені, құқықтық мемлекет заңнаманың жоғары деңгейімен ғана емес, оны орындаудың тиісті деңгейімен де сипатталады.

Төртінші мәселе, Негізгі заңның мемлекетіміздегі ең жоғарғы заңдық күшін қарастыру. Қандай да заңнамалық жетілдіру болмасын, ол мемлекеттің негізгі заңы – Конституцияның аясында іске асуы тиіс. Себебі, Конституцияның ең жоғарғы заңдық күші бар және республикалық бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады. [14, 5 б]

Республика қызметінің Конституцияда аталған түбегейлі принциптері заңнамада белгілі бір дәрежеде бекіді. Бұл процесс ел ішінде де, Қазақстанның басқа мемлекеттермен қарым-қатынастарында да жаңа саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайдағы қажеттіктерге сәйкес тереңдеп, кеңейе түсуге тиіс.

Заңнаманы одан әрі жетілдіру процесінде Конституцияның үстемдігі және төменгі деңгейдегі актілер нормаларының жоғарғы деңгейдегі актілерге сәйкес тұру принциптерін бұлжытпай ұстану қажет.

Мемлекеттің Негізгі Заңы мемлекеттің конституциялық саясатын жүзеге асыру құралы болып табылады. Өз кезегінде, конституциялық реттеу мен оның әдістерінің ерекшелігіне қарай Конституция нормалары тікелей және жанамалай қолданылады. Егер конституциялық реттеудің жоғары деңгейінде, әдетте, конституциялық нормалар жеткілікті болып жатса, мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы конституциялық құқықтық қатынастарда олардың құқықтары мен міндеттері формалды түрде көбірек айқындалып, белгіленуі қажет. Бұл әкімшілік, азаматтық, еңбек, қылмыстық, жер, қаржы құқығының және оның өзге де салаларының нормаларымен қамтамасыз етіледі. Соңғы жағдайда конституциялық нормалар, құқықтың тиісті салаларында нақтылана келе, жанамалай қолданылады. Сонымен бірге бұл Конституция нормаларының тікелей қолданылуы тоқтайды дегенді білдірмейді.

Конституциялық нормалар Конституцияда көзделген заңнамалық актілерді шығару түрінде де қолданылуы мүмкін. Мәселен, Негізгі Заңның тиісті нормаларын орындау мақсатында Президент туралы, Парламент және оның депутаттарының мәртебесі, Үкімет, сайлау, республикалық референдум, сот жүйесі және судьялардың мәртебесі, Конституциялық Кеңес туралы және т.б. конституциялық заңдар қабылданды.

Кей жағдайларда Негізгі Заң құндылықтар жүйесін бекітіп, оларды құқықтық реттеуді, іске асыру және қорғау кепілдіктерін белгілеуді заң шығарушының айрықша құзыретіне жатқызады. Мысалы, Конституцияда белгіленген құндылықтар иерархиясына сәйкес адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғау Қылмыстық кодекстің бірінші кезектегі міндеті деп айқындалған. ҚК Ерекше бөлімінің құрылымы да осыны ескере отырып құрастырылған. Қылмысқа қарсы күрес проблемасына деген мұндай жан-жақты ұстаным бірнеше міндеттің атқарылуын: қылмыстың алдын алуды, оған қарсы күресті, адам құқықтарын қорғауды, қылмыс жасаған адамдарды уақтылы түзеуді қамтамасыз етеді.

Конституциялық құндылықтардың мазмұнын заңнамалық толтыру кезінде қайшылықтар болуы мүмкін. Осы игіліктер мен оларға қол сұғылуына мемлекет тарапынан шара қолдану деңгейінің арақатынасы халықтың құқықтық мәдениетіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайларға, тарихи кезеңнің ерекшеліктеріне және т.б. қарай әртүрлі болуы мүмкін. Мәселен, сөз бостандығы құқығын және тұлғаның абыройы мен қадір-қасиетінің қорғалуына құқығын заңнамалық реттеу мәселелері жала жапқаны және қорлағаны үшін қылмыстық жауаптылық шараларын белгілеуге қатысты пікірталас туындауына негіз болды.

Осылайша, конституциялық және жай заңдар, заңға тәуелді актілер қабылданғанда, сондай-ақ бүкіл құқық қолдану практикасы қалыптастырылғанда негіз етіп алынатын Конституция еліміздің конституциялық саясатын білдірудің негізгі нысаны болып табылады деп айтуға болады.

Конституциялық саясат та мемлекеттің өзі сияқты үнемі дамуда болады, өйтпеген күнде ол дамудың “тежегішіне” айналады. Конституцияның өзінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі көзделген. Қазақстанда 1998 және 2007 жылдары жүргізілген конституциялық реформалар соның жарқын дәлелі. Уақыт бұл шешімдердің дер кезінде және дұрыс қабылданғанын көрсетті [15, 1 б.].

Қорытындылай келгенде, Конституцияны қастерлеу – біздің борышымыз екенін атап айтқым келеді. Біз елімізді, тарихымызды, жетістіктерімізді қалай сыйласақ, Конституциямызда да солай сыйлауымыз қажет.

Конституцияны сыйламай, оның нормаларын орындамай, біз қоғамдық келісім, тәртіп, бейбітшілік және тыныштыққа, яғни Отанымыздың сәтті болашағына қолымызды жеткізе алмаймыз деген сөз.

Құқықтық саясат тұжырымдамасының қағидаларын іске асыру Республика Конституциясының негізгі идеялары мен принциптерін Қазақстанда құқықтық мемлекет құрылымының жаңа кезеңінің аясында өмірімізде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Конституция – құқық жүйесінің тұғыры, іргетасы. Құқық – тәртіптің ғана емес, бостандықтың да негізі. Құқық жүйесі аясындағы бостандық азаматқа және оның мүмкіндіктеріне сеніммен қараумен қатар, оның пікірін сыйлау деген сөз. Конституция біздің сенімге дағдылануымызға, мемлекет тарапынан сыйластыққа, сонымен қатар заңды сыйлауға үйретеді.

Осы жағдаяттардың барлығы құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыруға негіз болады. Әсіресе мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруда олардың басты ұстанымдарына айналуы қажет. Мемлекеттік қызметшілер Ата заңның басымдығын, одан қайнар көздерін алатын заңдардың ара-қатынасын жете түсініп оларды тәжірибеде қолдана білуі қажет. Өйткені олардың халыққа, қоғамға қызмет етуінің басты көрсеткіштері кәсіби құқықтық мәдениетінің деңгейінен көрінеді. Болашақ мансаптық өсуіне де бұл фактор үлкен септігін тигізеді. Жаңа формациядағы жетекшінің бейнесін қоғам мүшелері кәсіби құқықтық мәдениеті жоғарғы мемлекеттік қызметкер

ретінде ғана қабылдай алады. Конституциялық қағидаттарға сүйенген мемлекеттік қызметшілердің есеп беруші мемлекеттегі сапалы қызметін көруге болады. Өткені заңдылық принципі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құқықтық мәдениетін дамытудағы басты талаптардың бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы // Алматы: Юрист, 2012. - 4 бет.
2. Сейдімбеков Е. Әділет департаментінің бастығы берген сұхбаты // www.elgazeti.kz, Солтүстік Қазақстан облысы: 2011. - 1-2 б.
3. Ағыбаев А., заң ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерінің «Игілікті істердің көш бастаушысы» атты баяндамасы // Егемен Қазақстан, 25 шілде 2011. - 4-5 б.
4. «Егемен Қазақстан» // 31 тамыз 2010 ж. 3 б.
5. Робертсон А., Мериллз Дж. Европадағы адам құқықтары // 3-басыл. 1993. - 21-27 б.
6. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзі // <http://akorda.kz>, Қазақстан Республикасы Президентінің Ресми сайты, 30 тамыз 2012. - 1-б.
7. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы // Алматы: Юрист, 2012. - 5 бет.
8. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі // <http://www.parlam.kz/kk/presidend-speech>, Астана: 2007 ж. – 2 б.
9. «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Конституциялық Заңы // 1995 ж (2007 жылғы 19 маусым күнгі жағдайы бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен), № 21 – 124-құжат.
10. «Қазақстан Республикасы Үкіметі туралы» заң // 19 маусым, 2007 ж., N 267 Конституциялық заңы.
11. ҚР Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Конституциялық Заңы // 2007 жылғы 21 мамырдағы N 254 Заңы.
12. «Республикалық референдум туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., N 6-7 - 22-құжат.
13. Сәрпеков Р. «Конституциялық және әкімшілік құқық салаларындағы заңнаманың даму үрдістері және мәселелері» // Заң және заман, 2009 жыл №11 - Б 53-57.
14. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы // Алматы: Юрист, 2012. - 5 бет.
15. Рогов И. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы берген сұхбаты // Егемен Қазақстан газеті, 2010. - 1 б.